



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-154-1-183-197>

ХҒТАР 17.09.09
Ғылыми мақала

А.Т. Мүстөйпова^{1*}, Ж.Ж. Ибраимова², А.М. Алдажарова³

^{1,2}Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹mustoyпова2017@gmail.com*, ²zhenisgulibraimova@gmail.com,

³assel_aldazharova@mail.ru)

ДЖОРДЖ ОРУЭЛДІҢ «1984» РОМАНЫНДАҒЫ ЖАДЫ КОНЦЕПТІСІ

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты – ойлау категориясы, тарих, уақыт, адамның өткені мен бірегейлігі және билік күштері арқылы жүзеге асатын жады концептісін талдау. Джордж Оруэлдің «1984» романының материалы негізінде қоғам мүшелерінің жадына манипуляция жасау, атап айтқанда, тарихи фактілерді бұрмалау және құрастыру, жеке және ұжымдық жадыны өшіру арқылы адам ойына әсер ету жолдары қарастырылады. Бұл іс-әрекеттер идеологиялық қысым және адамның тұлғалық бірегейлігін мәжбүрлеп қалыптастыруымен күшейтіледі. Мақалада жады, ойлау, тарих және бірегейліктің өзара байланысы туралы, сондай-ақ ХХ-XXI ғасырларда адамды тек экономикалық қанау немесе физикалық құлдықта ұстау ғана емес, олардың ой-өрісіне билік жүргізу мәніндегі құл қылудың небір өзгеріске ұшыраған формалары туралы тезистер негізделген. Ойдан тарих құрастыру мен адам жадына манипуляция жасау әдістерін ашып көрсеткен Джордж Оруэлдің көркемдік тәжірибесі биліктің табиғатын зерттеумен танымал болған П. Рикёр, П. Нора, М. Фуко, Дж. Агамбен сияқты философтардың еңбектерінен айтарлықтай озып кетті. Әдебиеттерге қысқаша шолу барысы қазіргі ағылшынтілді әдебиеттанудағы жады концептісімен байланысы бар мәселелердің қаншалықты зерттелгенін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеулердің көптігіне қарамастан, заманауи сыни әдістер мен теориялар «1984» романының жаңа қырларына жол ашады. Романдағы жады концептісін талдау қазіргі жеке және ұжымдық жады теорияларына, бірегейлік тұжырымдамасына және когнитивтік теорияға негізделген.

Түйін сөздер: жады, өткен шақ, тарих, уақыт, бірегейлік, билік, манипуляция.

Түсті: 26.03.2025; Жөнделді: 13.10.2025; Мақұлданды: 12.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

Кіріспе

Революциялар, соғыстар және тоталитарлық режимдермен ерекшеленген модерн дәуірі сүреңсіз болашақ көріністері мен адамзатқа төнген қауіптерді ой елегінен өткізуді басты элемент ретінде қарастыратын антиутопия жанрының пайда болуына әсер етті. Антиутопия авторларының ой-толғаулары адамзаттың әрі қарай дамуының ықтимал жолдарын іздеумен байланысты болды. Жалпы күйзеліс пен көңілсіздік жазушылардың болашақты негативті түрде елестетуіне түрткі болатын көзқарасқа айналды. Олардың алармизмі-үрей тудыруы қоғамның пессимистік даму сценарийінің алдын алуға, оны болдырмауға деген ұмтылыспен байланысты болды.

Антиутопия жанрының айқын үлгілерінің бірі – Дж. Оруэлдің «1984» романы (Оруэлл, 2021). Роман авторы үшін ең қорқыныштысы – тоталитарлық режимдердің адамның ой еркіндігіне қол сұғуы және адамның санасына менталды әсер ететін жазалаушы механизмдерді жасауы. «Тоталитаризм және әдебиет» атты эссесінде Дж. Оруэлл былай деп жазады: «Тоталитаризм адамның ой еркіндігіне бұрын-соңды елестетуге келмейтіндей қол сұқты. Оның ойды бақылауы тек шектеулер қоюды ғана емес, сонымен қатар құрылымды (конструктивті) мақсаттарды көздейтінін түсіну маңызды. Белгілі бір ойды білдіруге ғана емес, оны ойлауға да тыйым салынады, сонымен бірге не ойлау керектігі мәжбүрленеді; тұлға қабылдауы тиіс идеология жасалады, эмоциялары басқарылып, мінез-құлқы таңылады» (Оруэлл, 1989). Уақыт өте келе, мұндай тәжірибе белгілі бір дәрежеде кез келген билік тарапынан қолданыла бастады, әсіресе ақпараттық дәуірде кеңінен тарады. Бұл жағдай өзектілігін жоғалтпаған Дж. Оруэлдің романы туралы пікірталасты жандандыра түсті.

Әлемдік әдебиеттануда Дж. Оруэлдің «1984» романына көптеген ғылыми жұмыстардың арналғаны белгілі. Зерттеулердің негізгі объектілері тоталитаризмнің мәні, тарихты манипуляциялау механизмдері және қоғамның мойынсұнуын қамтамасыз ету әдістері болды. Сонымен қатар ғалымдар романда Дж. Оруэлл жасаған «жаңатілді» («новояз») талдады. Британ жазушысының романына қазіргі әдебиеттанушылар да ғылыми қызығушылық танытып отыр. Олар романда тоталитарлық мемлекеттің табиғатын суреттеуге (G.M. Gurung, N.A. Nameed, Ö.U. Baykent), тарихи оқиғалар мен сол кездегі тоталитарлық мемлекеттердің әсерінен қалыптасқан роман идеясын (P. Flewers, M. Franchella), Көке бейнесінің символизмін, Оруэлл жасаған антиутопиялық әлем мен қазіргі заманғы мемлекеттер арасындағы байланысты (E. Pankowski), философиялық көзқарас тұрғысынан өмірге түңіле күмәнмен қарау туралы қоғамның психологиялық жағдайын (I. Löfgren), зұлым билік типологиясын либералды қоғамның қарама-қарсылығы ретінде салыстыруды (T. Banks), әлеуметтік өкпе-назды (S. Cheng), роман тілін (A. Porcheddu) және тарихи дискурсты (M.M.Y. Al-Hilo), насихат механизмдерін (S. Gaupseth), қоғамды бақылау әдістерін (M.M. Tribhuwan, R. Singh), тарихты манипуляциялау мәселелерін, романдағы саяси компонентті және Дж. Оруэлдің саяси көзқарасын (E.R. Wicaksono), сондай-ақ антиутопия жанрын (V. Clarke) талдауға ерекше назар аударады. Отандық зерттеушілер романның өзектілігін қазіргі әлемдегі оқиғалармен салыстыра отырып көрсетеді (Б. Қызырбекқызы); «жаңатіл» құбылысын талдай отырып, оны тоталитарлық мемлекет жағдайында қоғамды басқарудың құралы ретінде қарастырады (З.Б. Баймусина, Д.С. Розиева).

Дж. Оруэлл романының көпқырлылығы соншалықты – әлі күнге дейін зерттеуді

қажет ететін сұрақтар көп. Бұған қоса әдеби зерттеулердің, соның ішінде пәнаралық заманауи бағыттары жеткілікті дәрежеде қарастырылған шығармалардың өзін талдауға жаңа серпін береді. Д. Ривкин мен М. Райан сияқты әдебиеттанушылар 1990-шы жылдары, сонымен бірге осы ғасырдың басында көркем мәтінді талдау үшін когнитивтік әдеби сын, бірегейлік теориясы, биліктің үстемдігін зерттеу және басқа да әдістер мен құралдардың көбейе бастағанын атап көрсетеді (Rivkin & Ryan, 2017). Бұл мақалада роман жады концептісінің бейнеленуі, оның рөлі және онымен жасалатын манипуляциялар тұрғысынан талданады. Талдау тарихты жасанды түрде қалыптастыру, өткен оқиғалардың іздерін өшіру арқылы адам жадына ықпал ету, адам санасына күштеп әсер ету және оның жеке бірегейлігін бұзу мәселелерін қамтиды. Жады концептісін және оған әсер ету механизмдерін ашуға мүмкіндік беретін роман элементтерін зерттеу мақаланың мақсаты болып табылады. Тарих, уақыт, адамның өткені мен бірегейлігі сияқты категориялар жады концептісін жүзеге асыру үшін негіз бола алады.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің материалы ретінде көркем мәтінді талдау үшін жаңа құралдармен қамтамасыз ететін заманауи сын тәсілдемелерін әзірлеген ғалымдардың еңбектері алынды. Мәселен, «Жаңа историзм» теоретиктері С. Дж. Гринблатт пен Л. Монтроз көркем мәтінді тарихи тұрғыда қалыптасқан құбылыс ретінде қарастырып, тарихты әдеби туындыны зерттеудің маңызды контексті деп санайды. «Жаңа тарихшылар» көркем мәтін жазылған кездегі тарихи жағдайды зерттеу шығарманың мағынасын және автордың жасырын тұспалдарын дәлірек анықтауға мүмкіндік береді деп сенеді.

Тағы бір ғалымдар тобы тарих, билік және билеп-жаншу, бағындыру механизмдерінің қызмет етуі мәселелері бойынша теориялық база құрды. Олардың қатарында П. Рикёрдің «Тарих және ақиқат» (1955), М. Фуконың «Қадағалау және жазалау» (1975), әдебиеттанушы Ф. Джеймисонның «Саяси бейсаналық: Нарратив әлеуметтік-символдық акт ретінде» (1981) еңбектері бар.

Зерттеу үшін маңызды дереккөздер ретінде М. Хальбвакс, Д. Лакарп және П. Нора сияқты ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Олардың жұмыстары ұжымдық және жеке жады мәселелеріне, тарих, адамның өткені мен бірегейлігі арасындағы байланысқа, сондай-ақ тарихты ойдан жасанды құрастыру және оны сипаттау мәселелеріне бағытталған.

Сонымен қатар мақала авторлары әдебиеттанушы-когнитивистер П.К. Хоганның «Когнитивтік ғылым, әдебиет және өнер» (2003), Э. Спольскидің «Дарвин мен Деррида: когнитивтік әдебиет теориясы постструктурализмнің түрі ретінде» (2002) еңбектеріне сүйенді. Бұл зерттеулерде когнитивтік ғылымды әдеби талдауда қолдану, адам мінез-құлқы мен ойлауының, өткенді қабылдау мен жады қызметінің арақатынасын анықтау, сондай-ақ адам бірегейлігінің табиғи немесе жасанды ортаға тәуелділігі сияқты мәселелер зерделенеді.

Бұл еңбектер Дж. Оруэлдің «1984» романын жады концептісін зерттеу және оның романның семантикасын анықтаудағы маңыздылығы тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Негізгі гипотеза ретінде романдағы жады концептісінің тарих, уақыт, ойлау, адамның өткені мен бірегейлігі, манипуляция және билік сияқты ұғымдармен тығыз байланысы ұсынылады. Бұл өз кезегінде жазушының «1984» романындағы көтерген мәселелер шеңберін біріктіруге және оларды өзара байланыстыруға мүмкіндік береді.

Келесі тезисіміз – Дж. Оруэлл көптеген тарихшы, психолог және саяси технологтарға биліктің қызметі, адамдарды басқару механизмдері және бұқаралық санаға әсер ету құралдарын зерттеулеріне түрткі болғандығы.

Романдағы жады концептісін талдау қазіргі ұжымдық және жеке жады теориясына, сондай-ақ бірегейлік тұжырымдамасына негізделеді. Тарихи-типологиялық және когнитивистік тәсілдер тарихи оқиғалардың, ортаның және манипуляциялардың қоғам жағдайына және жеке тұлғаның санасында жүретін когнитивтік процестерге айтарлықтай ықпалын көрсетуге мүмкіндік береді. Шығарманы тарихи тұрғыдан түсіндіру үшін мәтіндік талдау әдісі қолданылады. Мақала авторларының жүйелік тәсілі жады, тарих, уақыт, ойлау, адамның өткені мен бірегейлігі және билік сияқты құрамдас бөліктердің алуан түрлі байланыстарының тұтастығы тұрғысынан құбылыстарды қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Дж. Оруэллдің заманы мен оның жеке өміріндегі оқиғалар жазушыны қысқа уақыт ішінде әлеуметтік ортаны да, адамды да өзгерте алатын тоталитаризмге қалай тез тап болатынына сендірді. Бұл әлем Дж. Оруэлл үшін антиутопиялық әрі антигуманды болып көрінді. Оған қоғамның менталитеті, құндылықтары мен мінез-құлқының осындай жылдам өзгеруіне қандай тәсілдер арқылы қол жеткізілетіні жайлы ойлануға және оны бейнелеуге түрткі болды.

Ф. Джеймисон Дж. Оруэлл шығармаларындағы «басты құштарлық – саяси саладағы утопиялық бағдарламаларды айыптап, одан сақтандыру» деп жазады (Jameson, 2005). Ф. Джеймисонның «утопиялық бағдарламалар» деп отырғаны – миллиондаған адамдардың «жарқын болашақ» туралы уәделерінің құрбаны болғаны. Дж. Оруэлл романда тек тоталитарлық режимдер туралы емес, сондай-ақ кез келген жүйе, кез келген мемлекет, кез келген билік туралы, олардың қандай да бір дәрежеде тоталитаризм әдістерін қолдануы мүмкін деген түйсінуін береді. Жазушы жалпы мемлекет институтының белгілі бір (негативті) жағдайларда адамды аса идеологиялық ықпалмен бағынышты қылуға қабілетті болатынын айтады. Адамды тәуелді ету міндетті түрде Дж. Оруэллдің романында жазылғандай радикалдық жағдайларда жүзеге асырылуы шарт емес. В. Кларк атап өткендей, «қырғи қабақ соғысы кезінде жазылған көптеген аналитикалық материалдарда тілді құнсыздандыру, тарихи деректерді бұрмалау және саяси билікті теріс пайдалану ... нақты саяси жүйені сипаттайтын «антикоммунизмге» жатқызылды» (Clarke, 2001). Демек, сыртқы тұрғыдан игілікті әлеуметтік және материалдық болып көрінетін ортада да, тіпті либералды қоғамда да әлеуметтің ой-өрісіне әсер етуге ештеңе кедергі келтірмейді. Сондықтан да, біздің көзқарасымыз бойынша, романға деген ең басты қызығушылық пен оның өзектілігі – Дж. Оруэллдің адамның менталитеті және жадымен жұмыс істеу механизмдерін көрсетуі.

Адамның жадымен манипуляция жасалуы – партияның көздеген мақсаттарын түсіну үшін ашатын негізгі кілті болып табылады. Романда биліктің бейнесі – Партия адамдардың ой-өрісін қадағалап, иемдену үшін орасан күш-жігер жұмсайды. Бұл жерде біржола қажетті, идеологиялық тұрғыдан маңызды нарратив жасау туралы емес, үнемі, күн сайын, әр сағат сайын адамдардың есінен әлі өшпеген тарихты қайта жазу, өткенді, тіпті жеке оқиғалар мен саясаткерлердің сөздерін, кешегі жаңалықтарды бұрмалау туралы сөз болып отыр. Жады концептісін ашып көрсету үшін Партияның

адамның жадымен жұмыс жасау логикасын байланыстыратын бірқатар факторларды қарастырайық. Бұл тізбек мынадай элементтерді біріктіреді: жады, адамның өткені мен бірегейлігі, тарих, уақыт, ойлау, билік. Бұл тізбектің екі шеткі элементі, алғаш қарағанда, бір-бірімен байланысы аз сияқты болып көрінеді, бірақ олардың ішкі байланысы барлық тізбек элементтерінің мәнін анықтағаннан кейін айқындалады.

Романның басты кейіпкері Уинстонның бірсарынды өмірі күнделік жазуға деген ұмтылысынан кейін бұзылады, әдетте мұндай күнделік өз ойларын жазу, өткен оқиғаларды көрсету болса, енді ең бастысы, кейін өткен күндердің ерекше құжатына айналады. Күнделік оқиғаларды жазып алу құралы қызметін атқарып, өткеннің, адамның жеке тарихының сақтаушысына, оның ішкі өз әлеміне айналады. Дж. Оруэлл жасаған антиутопиялық әлемде тұрғындарға жазбалар жүргізуге рұқсат етілмеуі тән қасиет, сондықтан Уинстонның күнделік жазуға деген ұмтылысы, қазіргі күндер мен өз ойларын қағазға түсіруі заңды бұзу және астыртын әрекет болып табылады.

Уинстон өткенді есіне түсіріп, күмән тудырмайтын, шындық министрлігі өзгерте алмайтын бір нәрсені табуға тырысады. Ол өз балалық шағын еске алуға ұмтылғанымен, естеліктер уысынан сусып шығып кетеді. Уинстон бір кездері әкесінің жоғалып кеткенін, кейін өз өмірінен анасы мен қарындасының аластағанын біледі. Есінде тек үзік-үзік көріністер ғана сақталған, олар оның балалық шағының тұтас картинасын көруге мүмкіндік бермейді: «Өкініштісі – ешқайсысын есіне түсіре алмады. Бұлыңғыр, түсініксіз. Бір-бірімен байланыспайтын кездейсоқ көріністерден басқа жадында ештеңе қалмапты» (Оруэлл, 2021). Балалық шаққа қатысты естеліктердің болмауы түсінікті: ол жоғалып кеткен отбасы мүшелерінен ерте айрылған. Уинстон өзінің отбасылық тарихын білмейтін және ата-анасының жоғалуын «елуінші жылдары жүрген «ұлы тазарту» кезінің құрбаны болуы мүмкін» деп қана ойлайтын. Мұндай тағдыр тек оған ғана емес, басқаларға да тән болған. Балаларды отбасынан жұлып алып, жанұяларының тарихи тамырын қиып, туғандардың бір-бірімен туысқандық сезімдерінен, жеке өмірлері мен ортақ естеліктерінен айыруды көздеген. Осылайша, адам үшін өмір жаңадан, қайтадан, тек өзінің тарихынан ғана басталады, бірақ ол аз уақытқа және міндетті түрде мемлекеттің өмірімен байланысты болады. Тіпті осы жеке тарихтың өзі өткен уақыттың ешнәрсемен толтырылмаған бос орындарымен көзге түседі. Адамдардың естеліктері де, өмірлері де, тіпті қамтылған оқиғалары да бірдей болды.

Оқиғаларға байланысты естеліктермен де мәселелер туындайды. Уинстон өткен оқиғаларды есіне түсіруге тырысады: «Ол тіпті биыл 1984 жыл екеніне сенімсіз еді. Қазір жасы отыз тоғызда, 1944 не 1945 жылы туғандықтан, жылдан шатаспаған болармын деп топшылады. Сонда да қай жылы өмір сүріп жатқанын нақты білмейтін және көп жағдайда бір-екі жылға қателесу қаупі жоқ емес-ті» (Оруэлл, 2021). Естеліктердің болмауынан Уинстонның жеке тарихы, оның тұлғасы бірізді біртекті емес, бөлініп, үзіліп қалған. Өткеннің немесе өзінің естеліктерінің бейнесін қалпына келтіру үшін ол сырттан дәлел, куәгер іздейді. Осы мақсатпен ол революцияға дейінгі өмір туралы қарт-пролға сұрақтар қояды. Сонымен қатар Уинстон кітаптар мен оқулықтарда бейнеленген өткеннің қаншалықты шындыққа сай екенін түсінуге тырысады. Кейін Д. Лакарпа нақты тәжірибелерге сүйене отырып, келесі қорытынды жасайды: «...тәжірибеге және куәгерлікке жүгіну міндетті түрде жадыға деген қамқорлықты талап етеді. Маңызды бір жайт, кейде жазбаша құжаттардың болмауы немесе олардың болған күнінде өте аз болуы, естеліктерге негізделген ауызша тарих, оның проблемалық жақтарына қарамастан,

өте маңызды болып табылады...» (LaCarra, 2016). Дж. Оруэлдің романында жазбаша құжаттар көп болғанымен, олар Уинстонның сеніміне күмән тудырады. Ол қартқа үміт артады, өйткені пролдардың (пролетариаттардың) Уинстонның айналасындағы адамдардан айырмашылығы агрессивті идеологиялық ықпалға ұшырамаған. Алайда қарт Уинстонға көмектесе алмады. Оның есінде тек цилиндр, капиталист сияқты жеке заттар мен түсініктер ғана сақталған. «Қарияның есінде мәні жоқ оқиғалардан басқа оңды ештеңе қалмаған екен. Күні бойы жанында отырсаң да, ештеңе шықпайды. Көкейіндегі сұрақтың жауабы табылмайды», деп жазады Дж. Оруэлл (Оруэлл, 2021). Мұнда назар аударылатын маңызды жайт: белгілі бір әлеуметтік топтың жадымен манипуляция жасау ниеті болмаса да, орта, өмір сүру жағдайлары, елдегі ахуал, сондай-ақ БАҚ, пролдардың өткенді ұмытуына әсер еткен. Олардың өмірі мен ойларында өткен жолының алатын ешқандай орны болмағандықтан, есінен бірте-бірте жоғалып, көбісі өшіріліп қалған.

Қарт-пролдың бейнесі адамдардың естеліктерімен жұмыс істеудің агрессивті, тікелей және пассивті, жанама сияқты екі типін көрсетеді. Біріншісі білімді адамдарға қатысты қолданылса, екіншісі жалпы жағдай мен күнделікті жаңалықтар, газеттерде насихатталатын нарративтердің салдары болып табылады.

Уинстон өткенінің жоғалғанына өкінеді және революцияға дейінгі өмір туралы ешқандай ақпарат алуға болмайтынын айтады, өйткені қажет емес деп саналған барлық куәліктер жойылған немесе қолдан жасалған, кітаптар қайта жазылған, ескерткіштер өзгерген, көшелердің аттары ауысқан. Ол: «Әрине, мен өткен шақты өзгертетіндерін білемін, сол өзгерістерге өзімнің қатысым болғанына қарамастан, оны ешқашан дәлелдей алмаймын. Түпнұсқалардың бәрі сол сәтінде жоқ болады, ешқандай айғақ қалмайды. Айғақ менің миымда ғана. Бірақ менен басқа бірде-бір адамның мұны есіне сақтайтынына сенімді емеспін», деп ойлайды (Оруэлл, 2021). Уинстонның әлеуметтік топ өкіліне қатысты ауызша естеліктерге жүгінуі түсінікті, өйткені, біріншіден, оның ресми тарих нұсқасына күмәні бар; екіншіден, ол өткенінің іздерін қоғамның ұжымдық жадынан, ересек ұрпақтың естеліктерінен тапқысы келеді. Қоғамның ұжымдық жады – адамдардың ортақ өткенін, тарихын көрсететін дәлел. П. Нора: «Көпшілікке тән тұтас жады жоғалған кезде, оны еш жерден таба алмайсың, тек жадыны қалпына келтіру жауапкершілігін адам өз мойнына алғанда ғана сақталуы мүмкін. Жады ұжымдық түрде қаншалықты аз мөлшерде қабылданса, жеке адамдардың өзін-өзі тануы мен табуына соншалықты көп күш қажет болады» деп көрсетеді (Nora, 1989). Осылайша, ұжымдық жады, ұжымдық бірегейліктің негізін қаласа, бұл өз кезегінде жеке тұлғаның бірегейлігін де анықтайды.

Уинстон өткенін есте ұстай алмады. Өткен шақ туралы оның есінде қалғаны нақты, бірақ өте қысқа уақыттағы биліктің құрастырып, санаға құйғаны, басқарғаны ғана. Өткенді басқару адамдардың болып кеткен оқиғаларға қатысты естеліктерін санадан өшіру, сол арқылы шынайы фактілер жалған ақпаратпен алмастырылып, оған тек рұқсат етілген көзқарас қалыптастыру болып табылды. Бұл қатынас қазіргі уақыттың жағдайларына сәйкес реттелді. Егер жағдайлар өзгеріп отырса, адамның өткені де газеттерде, құжаттарда, оқулықтарда көрініс табуы өзгеріп отырды. Осылайша, тіпті қолдан жалған жасалған өткеннің өзі үнемі түрленіске ұшырап, оны өзгермейтін құбылыс ретінде қарастыру мүмкін болмады. Яғни, халық тарихсыз, ал қазіргі уақыт алдыңғы кезеңсіз қалғандай, адам өткенінен айрылды. «1984» романы Фредерик Джеймисонның

анықтауынша, жоғалған өткенге аңсау сезімін, оның алдындағы адамның жадының әлсіздігін сипаттайды: «Алайда «1984» романының ең басты есте қаларлық ерекшелігі – адамның өткенді жоғалту элегиялық сезімі мен жадына деген сенімсіздігі» (Jameson, 2005).

Адамның бірегейлігінің құрамдас бөлігі – оның өткен өмірі, яғни тұлғасын қалыптастыруда көрініс табатын оқиғалар. Дж. Оруэлдің романындағы адам өзін-өзі анықтау критеріінен айрылған. Адамды басқару, оның бірегейлігі мен тұлғасын жаңадан құру үшін партия оның өткенін бағындыруға қол жеткізуі керек болды. Өткен шақты бұрмалау үшін қолданылған дайын механизмдер іске қосылды. Уинстон куәліктерді түзету арқылы адамдардың өткен өмірін қалай бұрмалағанын былай сипаттайды: «...газетінің қате кеткен санына қажетті түзетулер енгізілгеннен кейін бәрін жинап салыстырады. Сосын газетті қайта басып шығарады да, бүкіл түпнұсқасының көзін жояды. Ал түзетілген сан өз орнына қайта тігіледі. Газеттер ғана емес, кітаптар, журналдар, кітапшалар, плакаттар, үнпарақтар, фильмдер, дыбыс жазбалары, карикатуралар, фотосуреттер, бір сөзбен айтқанда, саяси және идеологиялық маңызы бар кез келген әдеби туынды, кез келген құжат осылай үздіксіз түзетіле береді, түзетіле береді. Күн сайын, тіпті минут сайын өткен шақта тарих бетіне қатталған оқиғалар бүгінгімен сәйкес өзгертіледі...» (Оруэлл, 2021). Бұл үнемі өзгеріп тұратын шындық пен өзгертілген өткен адамды әбден титықтатып, миын шаршататын. Ақырында ол фактілерді салыстырудан және болып жатқан оқиғаларды түсінуге тырысудан мүлде бас тартатын. Әйтпесе есінен адасу қаупі туындайтын. Өткеннің басын ашудағы Уинстонның күйін Дж. Оруэлл: «Өзін біртүрлі дәрменсіз сезінді» (Оруэлл, 2021), «Бойын дәрменсіздік биледі», «Бұл ойы Уинстонды есеңгіретіп тастады» (Оруэлл, 2021), деп суреттейді.

Өткенді есте сақтаудың маңызы даусыз. Кейіпкердің ойқылмысына өткенді түсінуге, оны еске түсіруге ұмтылысы кіретіні де кездейсоқ емес. Өйткені өткеннің өзінде партия құрастырған қазіргі шындыққа күмән ұялататын дәндер бар. П. Нораның нақтылауынша, «Бізді қазіргі уақытқа мәңгілік тәуелді етуші естелік – мәңгі өзекті феномен, байланыс...» (Nora, 1989). Естеліктің жоқтығы нағыз болмысынан, түп-тамырынан ажыратып, өткені мен өзіндік жеке тұлғалық иесі, яғни бұрынғы және қазіргі өміріне деген қарым-қатынасы негізінде адамның бірегейлігін қалыптастыруға мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде адамның «мен» тұтастығы ыдырай бастады. Осылайша, Уинстонның өткенді табуға ұмтылысы – өз болмысын қалпына келтіруге деген талпыныс. Д. Лакарпа жадының «жеке және ұжымдық бірегейлігін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын» айта келіп, «Жадының да, тарихи көріністің де күрделілігі тікелей жеке тұлғаның бірегейлігінің күрделілігімен байланысты» деп тұжырымдайды (LaCapra, 2016).

Ғалымдар жады мен жеке болмыс, бірегейлік арасындағы байланысты анықтайды. М.М. Трибхаван мен Р. Синх жеке тарихтың өшірілуі тарихи жадының жоғалуына әкелетінін, ал бұл өз кезегінде ұжымдық жадының қалыптасуына кедергі келтіретінін жазады (Tribhuvan & Singh, 2024). Г. Гурунг қоғамның белгілі бір идеологияға сәйкес қалыптасуы адамзаттан алыстатып, жеке даралықтың жоғалуына себеп болатынын атап, былай деп қосады: «Оруэлл шығармаларында мұндай әлеуметтік инженерліктің зиянды салдары суреттеледі, онда жеке адамдар мемлекеттің қарапайым бөлшек тетіктеріне айналады» (Gurung, 2024). Жадысыз адам өткені жоқ тұлғаға, яғни ішкі мәнінен, мағынасынан айрылған адамға айналады.

Адамның бірегейлігінің бұзылуы тек оның жеке тарихынан айрылуымен және естеліктерінің өшірілуімен ғана емес, сонымен қатар тарихтың үздіксіз бұрмалануы арқылы да жүзеге асады. Соның салдарынан адам уақыттағы бағдарынан айрылады және өз өмірінің негізгі тірек нүктелерін жоғалтады. Тарихты манипуляциялау екі түрде көрінеді: шынайы фактілерді бұрмалау және ойдан шығарылған оқиғаларды құрастыру. Дж. Оруэлл былай жазады: «Бүтін бір тарих алдыңғы мәтіні қырналып, қажет кезде орнына жаңа мәтін жазылатын пергаментке айналған» (Оруэлл, 2021). Тек адамның жады ғана бұрмалаушылыққа қарсы тұра алатындықтан, адамды естеліктерінен немесе өткен оқиғаларды растайтын құжаттық дәлелдерден айыруға тырысты. Дж. Оруэлл романында манипуляцияға жады да, тарих та ұшырайды, нәтижесінде қазіргі шындық пен өткенмен байланысқан баяндаулар негізінен айрылады. Мұндай жағдайда кез келген пікірталас, идеологиялық келіспеушілік және әртүрлі интерпретациялар орынсыз болып, мәнін жоғалтады, яғни жады да, тарихи деректер де бірдей тұрақсыз күйге түседі. Уинстон болып жатқан соғысқа қатысты тарихтың шырмауында қалады: «Бірақ Уинстон Смит осыдан төрт жыл бұрын Океанияның Еуразиямен тату-тәтті қарым-қатынаста болғанын жақсы біледі. Алайда оны қалай дәлелдейді? Оның жадындағы естеліктерден басқа факт жоқ. Естеліктердің өзі бір күні ұмытылады. Бір жағынан, барлығы Партияның өтірігін шындыққа балайтындықтан, ақпарат көздері оның сөзін растайтындықтан, өтірік шындыққа айналып, тарих бетіне қатталады» (Оруэлл, 2021). Тарихи оқиғаларды түйсіну жасанды түрде құрастырылған баяндаумен немесе партия мүддесіне сай интерпретациямен алмастырылады. Осылайша, нағыз тарихтың орнына ойдан шығарылған шындық-сымақтың жолы ашылады. Мұндай тәжірибе ұжымдық жадының ыдырауына әкеледі. Тарих туралы бұлдыр түсінік адамдарға басқа қоғамдық жүйелердің үлгілерін табуға және қазіргі тәртіптің дұрыстығына күмәндануға мүмкіндік бермейтіндіктен, оларды жат ойлардан қорғайды.

Партия романда тек өткеннің құжаттары ретіндегі тарихты бағындырып қана қоймай, уақыттың өзіне де билік жүргізуге қол жеткізді. Өткен мен қазіргінің арасындағы байланыс үзілді, уақыт та, оның жылжуы да тоқтап қалғандай, тоқырау жағдайында. Романдағы уақыт тоқтап қалған, қатып қалған сияқты сипатталады, онда алға жылжуды немесе дамуды байқау қиын. Бұл күнделікті өмірдің бірқалыпты ағымында, қатаң тәртіпте, іс-шаралардың реттелуінде көрініс табады. Әр күннің уақыты сағат бойынша кестеленген. Адамдарға уақытқа, сағатқа назар аудару қажет емес, себебі белгілі бір іс-шаралардың немесе оқиғалардың басталуы сигналмен хабарланады. Сондықтан адамдар антиутопияда уақытты сезінбейді. Жыл мезгілі, аптаның күні сияқты уақытқа қатысты әңгімелердің еш мағынасы жоқ. Ол тұрмақ, кейіпкер нақты жылды немесе жасын көрсетуге қиналады. Адамдар тек дәл қазіргі аз сәтпен өмір сүреді, барлық істері сол сәттің шегінде жоспарланған. Олар өткенді еске алмайды, болашақты жоспарламайды. Ағымдағы оқиғалар ғана толықтай олардың ойларын жаулап алады.

Тіпті Дж. Оруэлл көрсеткендей, антиутопиялық әлемде уақыттың өзгеруіне немесе жаңалыққа қажеттілік жоқ секілді. Әдетте адам уақытты түрлі өзгерістер болған кезде ғана сезінеді. Алайда ол сипаттайтын әлемде бір күн екінші күнге ұқсас, уақыт тоқтап қалғандай көрінеді, бұл сонымен бірге тарихтың да тұралап қалуына әкеледі. Уақыттың тоқтауы антиутопияда символдық мәнге ие, ол өркениеттік дамудың тоқырау процесінің белгісіне айналады.

Романдағы Партия өзінің гегемониясын сақтап қалу үшін болашақты да билеп-төстеуге тырысады, бұл алғашында өзгеше құбылыс сияқты көрінгенімен, оның

шешімі өткенге бақылау орнату деп түсінеді. Өткенді қадағалаудың кілті қазіргі уақытты бақылаудың еншісінде. Партия қазіргі кезеңде өз билігін пайдаланып, өткенді манипуляциялауды жалғастырады. Бұл құлшыныс олардың «Кім өткенін бақылауда ұстаса – болашағына иелік етеді, бүгінін бақылауда ұстаса – өткен шағына иелік етеді» деген ұраны арқылы көрінеді (Оруэлл, 2021). Осылайша, Оруэлл Партияның адамдардың жады мен ойлауына манипуляция жасау арқылы мезгілді де қадағалап, билік жүргізуін әңгімелейді.

Әдетте бұрынғы және өзгермейтін өткен шақ антиутопияда қозғалысқа келтіріліп, үнемі өзгеріп отырады, себебі оның бейнесі жасанды түрде трансформацияланады. Дж. Оруэлл өткеннің өзгергіштігін ағылсоқтың негізгі қатып қалған қағидаты ретінде айқындайды. Және керісінше, объективті түрде қозғалысты, өзгергіштікті, дамуды білдіретін қазіргі уақыт антиутопияда өзгермейді, бір орында тоқтап қалады. Партия уақытты тежеп, өз билігінің мерзімін ұзартуға ұмтылады. Осы мақсаттармен партия ешқандай өзгерістерге жол бермей, статус-кво сақтауға тырысады. Бұл әрекет уақыттың мүлде тоқтап қалғанындай, яғни Партияның оны тұтқындап тастағанындай әсер тудырады. Партия уақыттың барлық көріністерін тежейді, болашақтың, өзгеше болатын болашақтың келуіне жол бергісі келмейді. Оны қазіргімен салыстырғанда өзгеше, баламалы болмыс ретінде қабылдауға кедергі жасайды. Сондықтан ол қазіргі уақыттың (уақыт, өмір сүру үлгісі, билік, құндылықтар) мәңгілік, өзгермейтінін, әрқашан бар болғанын көрсетуге ұмтылады: «Тарих тоқтап қалды. Партияның «ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс», біз одан басқа ештеңе білмейміз» (Оруэлл, 2021).

Антиутопияда әрқашан шартты түрде қазіргі уақыт болуына қарамастан, ол өткенге тәуелді болады. Романда бейнеленген антиутопиялық әлемде қазіргі уақыт өткеннің нәтижесі емес, бірақ ол Партияның билігін және осы кездегі жағдай, тәртіп, заң мен өмір сүру үлгілерін негіздеу үшін қажет. Сондықтан да Партия өткенді қазіргіге сәйкестендіреді. Қазіргі уақытты өзгертуге қарсы Партия өткенді бұрмалауға тырысады. Ол өткен уақытқа қол сұғып, қазіргі заманнан өткенді басқаруға, «бүгіннен» «кешегі» күнді өзгертуге тырысады. Әрине, өткен оқиғаларды мүлде алмастыру мүмкін емес, бірақ Партия өткеннің фактілерін жасырып, бұрмалап, оның интерпретациясын өзгертуі мүмкін. Мысалы, Партия адамдарды мемлекеттің алдыңғы өткен кезеңінің қорқынышты болғандығына сендірді, алайда ол шындықтан алыстын. Бұл енді – өткенді басқару. Э.Р. Викаксонның айтуынша, «бұл әрекеттің нәтижесі – ешкім өткен туралы ештеңе біле алмайды және қазіргі уақытпен салыстыра алмайды» (Wicaksono, 2024).

Өткенге өкім орнату – болашақта билікті ұстап тұрудың кепілі. Естеліктерді өшіру, өткенді бұрмалау, фактілермен манипуляция жасау қажеттігі осыдан анық көрінеді. М. Ал-Хилоның тілімен айтсақ, Партияның қазіргі уақытта ғана емес, өткенде де үстемдік етуге тырысуы және болашаққа үстемдік орнату үшін тарих пен шындықты манипуляциялауы – олардың стратегиясын айқын көрсетеді (Al-Hilo, 2023). Осылайша, тарихпен манипуляция арқылы Партия уақыт шеңберін өзіне бағындырады. Өткен қазіргі уақытқа тәуелді болса, болашақ өткенге тәуелді, демек, бәрі қазіргі уақытты кім басқаратынына байланысты. Демек, антиутопиядағы Партияның билігі тек адамдардың өмірі мен ой-өрістерінің ғана емес, уақыттың үстінен де кеңейеді.

Антиутопия әлемінде оқиғалар (уақыттың көрінісі ретіндегі) емес, олардың түсіндірілуі өзгереді. Сондықтан Партияның оқиғаларға, фактілерге және тұлғаларға қатысты түсіндірулерін адамдар сеніммен қабылдауы керек болатын. Себебі шындық

биліктің қажеттілігіне қарай күн сайын өзгеруі мүмкін, ал қоғамнан күні кеше ғана ақиқат емес болып көрінген бұл өзгерістерді ойланбастан және шын көңілмен қабылдау талап етілді. Дж. Оруэлл осындай сана жағдайын, яғни адамның миында өзара қарама-қайшы фактілер мен түсініктердің бір уақытта қатар өмір сүруін «екіойлылық» деп атайды. Автордың сөзінше, екіойлылық – бір уақытта бірін-бірі жоққа шығаратын екі пікірді ұстанып, екеуіне де қатар сену... Қасақана өтірік айту және оған шын көңілмен сену, кез келген орынсыз фактіні ұмыту, кейін қажет болған кезде белгілі бір уақытқа ұмытылған жақтан қайта шығарып алу, көпе-көрнеу шындықты терістеу және терістей тұрып ескеру – мұның бәрі екіойлылықтың көріністері (Оруэлл, 2021). Ағымдағы болмыс нақты уақыт межесінде, әр сағат сайын, әр минут сайын құрылып отырды және халықтан өз пікірлерін, түсініктерін және бағалауларын тез өзгерту қабілеті талап етілді.

Шындық – бұл адамның қалай қабылдайтыны, қандай шындық бейнесі құрылып, оның миына салынғаны. Демек, адамға сырттан таңылған, сендіре алған әлем көрінісі ғана бар. Дәл осыны шындық министрлігі жүзеге асырады. Шындыққа иелік ете отырып, билік адамдардың санасын, сонымен бірге болмысын да басқарады. Осы шындықты мойындамайтын адам болмысты мойындамайды, демек, ақыл-есі кем адам болып саналады. Шын мәнінде, баяндаулардың (нарратив), бағалаулардың үнемі бұрмалануы шизофрения, психоз синдромының дамуына ықпал етті, бұл – ойлау үдерістерінің, когнитивті қабілеттердің ыдырауының салдары. Мұның нәтижесі апатия, депрессия, сенімсіздік, қорқыныш және ең бастысы – өздігінен ойлау қабілетінің жойылуы болды. Г. Гурунгтің пікірінше, шындықты манипуляциялау өзгеше ойлау мен сыни ойлаудың мүмкіндігін жояды (Gurung, 2024).

Ақиқатты құрастырумен Шындық министрлігі айналысты. Ол халықтың шындықты қабылдауы қандай болуы керектігін анықтады. Айта кету керек, Уинстон Смиттің жұмысы тікелей өткенді бұрмалаумен байланысты болды, яғни басылымдарда бұрын жарияланған фактілерді, сандарды, болжамдарды түзетіп, оларды бүгінгі күннің талаптарына сай ауыстырып отырды. Дәл осы кәсіби қызметі Уинстонға болып жатқан оқиғалардың шынайылығы мен объективтілігіне күмәндануға негіз берді.

Антиутопиялық қоғам адамдардың ойланбастан бағынышты болуына негізделген. Мұны қамтамасыз ету үшін билік олардың өмірін (жұмыс, бос уақыт), қажеттіліктерін (бірдей кедейлік, неке), ойларын (бір ғана идеология) барынша біріздендірді. Адамға жеке мақсат, жоспар, ойлар ұстануға тыйым салынды, себебі бұл антиутопиялық әлемнің идеялары мен құндылықтарына қауіп төндіретін еді. Осыдан қоғам өмірінің рәсімделуі (ритуализация) пайда болды, ол адамды бағдарлайды, оның уақытын ұйымдастырып, ойларын толтырады. Кейінірек М. Фуко рәсімделу, жалпы тәртіп пен біріздендірудің адамды бағынуға қалай әкелетінін сипаттады. Алдымен адамның денесі, содан кейін ақыл-ойы бағындырылады. Антиутопия адам өмірінің индустрияландыруын, адамның өзіне жүктелген белгілі бір міндеттерді орындайтын көнбіс машинаға айналуын көрсетті. Рәсімдеу мен өмірді қатаң реттеу, бағдарланушы тұлға және адамның кенеттен әрекет етуіне кедергі жасау антиутопия әлеміндегі адамның тіршілігінің барлық салаларын қамтиды.

Дж. Оруэлл Шындық министрлігінің бөлімшелерінің бірі – Тарих бөлімі туралы жазады. Бұл бөлім халықтың санасын басқару механизмдерін пайдаланып, «Океания халқын газет-журналдар, кинофильмдер, оқулықтар, телебағдарламалар, сахналық қойылымдар, ақпараттар, нұсқаулықтар мен ойын-сауықпен қамтамасыз ету,

ескерткіштер, ұрандар, трактаттардан бастап, биология тақырыбындағы өлеңдерге дейінгі лирикалық жырлар, балалалар жазбасынан бастап, жаңатіл сөздігіне дейінгі туындылар арқылы жастарды тәрбиелеу» (Оруэлл, 2021). Халықтың ойлау жүйесін қалыптастыру жұмысымен редакторлар мен баспахана қызметкерлері, инженерлер, режиссерлер, өзге адамдардың дауыстарын салу қабілеті бар труппа актерлері, тағы басқаларының үлкен ұжымы айналысты. Олар Океания тұрғындарының санасын бұрмалауға бағытталған жұмыстарды атқарды. Мәселен, олар тәркіленуге тиісті кітаптар мен мерзімді басылымдардың тізімдерін жасады; фотосуреттер бұрмаланды; мұрағаттық құжаттар, газеттердің ескі нөмірлері түзетіліп, қайта жазылды және басқа да көптеген бұрмалаулар жүргізілді.

Тіл ойлауға әсер етіп, қолайлы жағдайларда білім көкжиегін кеңейтуге ықпал ететіндіктен, Партия жаңатіл құру жобасын қолға алды. Бұл тілдің қызметі адамның және қоғамның ойлауына тілдік коммуникация арқылы ықпал етуге негізделді. З.Б. Баймусина мен Д.С. Розиеваның атап көрсетуінше, «антиутопиялық шығармалардағы тоталитаризм — бұл халықты манипуляциялау және бақылау жүйесі, онда жаңатіл белсенді түрде құрал ретінде қолданылады» (Baimussina & Roziyeva, 2022). Дж. Оруэлл жаңатіл жасаушылардың бірі Сайм арқылы тіл реформасының түпкі мақсатын ашады. Ол бұл реформаның мақсаты жаңа сөздерді ойлап табу емес, керісінше, бұрынғы сөздерді құрту деп көрсетеді. Сайм жаңатілді енгізудің негізгі міндетін ашық айтады: «Жаңатілдің басты мақсаты – адамзаттың ойлау диапазонын тарылту... Өстіп-өстіп ешкім ойша қылмыс жасай алмай қалады, өйткені оны жеткізетін сөз болмайды ғой» (Оруэлл, 2021). «Адамның ойлау жүйесі мүлде басқаша болады. Шын мәнінде, қазіргі біз сияқты ешкім ойлай да алмайды. Шүбәсіз болу – мүлде ештеңе ойламау емес, ойлауды қажет етпеу. Шүбәсіз болу – сана сезімнің бағыныштылығы», – деп қорытындылайды өз ойын Сайм (Оруэлл, 2021). Тілді жеңілдету ойлау деңгейін қарапайым деңгейге дейін түсіріп, қиялды, өзгеше ойлауды, шығармашылықты жоққа шығарды. Қалада түсінуді талап етпейтін, санада автоматты түрде қалыптасып, жеңіл айтылатын ұрандар ілулі тұрды. Билік режимі үш партиялық ұранда көрініс тапқан идеологияны басшылыққа алды: «СОҒЫС ДЕГЕНІМІЗ – ТЫНЫШТЫҚ. ЕРКІНДІК ДЕГЕНІМІЗ – ҚҰЛДЫҚ. НАДАНДЫҚ ДЕГЕНІМІЗ – КҮШ» (Оруэлл, 2021). Бұл қысқа әрі нақты тұжырымдамалар еріксіз есте сақталып, аксиома ретінде қабылданатын.

Осылайша, күрделі мәжбүрлеу аппараты арқылы ақпарат пен тілді бақылай отыра, Партия өз азаматтарының санасын басқара алды. Бұл – адамның жадын, уақытын, тұлғасын, ойлауын және тілін иелену арқылы оны бағындырудың жаңа бір түрі. Мұндай тәуелділік физикалық немесе экономикалық тәуелділіктен әлдеқайда қауіпті, өйткені соңғылары адамға оның жадын, ойын, даралығын сақтауға мүмкіндік береді. Адам ойлауын басып алу оның өз «менінен», өзінің жеке болмысынан бас тартуына, ерікті түрде мойынсұнуына әкеледі. О’Брайен адамның бағынуы туралы былай дейді: «Біз оларды түзетеміз, санасын, тіпті миының қыртысына дейін басқарамыз... Олар біздің тарапымызға өтірік көлгірсіп, алдап-арбап емес, шын ниетімен, жан-жүрегімен сенгеннен кейін өтеді» (Оруэлл, 2021). Партияның күш-қайратының құпиясы және оның жадымен, тарихпен, өткенмен, тілмен жасайтын манипуляцияларының мақсаты – адамның ақыл-ойы мен санасына үстемдік орнату. Бұл туралы О’Брайен Уинстонға: «Одан кейін сен билік дегеніміз – адамға, оның тәніне, ең бастысы ойына үстемдік жүргізу екенін түсінуің керек», – деп, ашық айтады (Оруэлл, 2021). Дене өмірі қоғам

мүшесіне тек оның санасы толық бағынған жағдайда ғана беріледі. Бірақ Уинстон әңгіме соңында Партияға сеніп, Көкені шын жүрегімен беріле сүйсе де, бәрібір өлім жазасынан құтыла алмады. Уинстон Партия идеологиясын қабылдағандықтан аман қалды, өйткені ол О'Брайеннің бағындыру әдістерінің тиімділігіне күмәндануына себеп болған ерекше жағдай болды. Уинстонды алдымен физикалық тұрғыда сындырғанымен, оның ақыл-ойын ақпараттық-психологиялық әсер ету әдістерімен бағындыра алмады. Мәжбүрлеу аппаратының бүкіл қуаты адамның өзінің кім екенін, өткенінің қандай болғанын білуге деген ұмтылысының алдында дәрменсіз болып шықты.

Қорытынды

Дж. Оруэлдің «1984» романындағы жады концепті ойлау, тарих, уақыт, адамның өткені мен бірегейлігі және билік ұғымдары арқылы жүзеге асырылып, ашылады. Бұл концепті талдау жеке және ұжымдық жадына, тарихи фактілерге манипуляциялар жасау арқылы адамның ойлауына әсер ету тәсілдерін айқын көрсетті.

Жадымен манипуляция жасау қоғамға шизофрения қаупін төндіреді. «Қосойлылық» қабілеті дамығандар да, бұрмалау механизмдерін түсініп, сыни тұрғыдан ойлауды сақтауға тырысқандар да осыдан зардап шегеді.

Өткеннен айыру адамның тұлғасына, ойлауына әсер етіп, оның тағдырына ең жағымсыз салдарын тигізеді.

Жадымен манипуляция жасау механизмдерін және оның түпкі мақсатын ашу ХХ ғасырда адамның құлдыққа салыну түрінің өзгергенін көрсетеді – бұл адамның санасын басқару арқылы жүзеге асады. Дж. Оруэлл бұл құралдардың бұқаралық санаға қатысты қолданылатынын көрсетеді. Осылайша, жазушы ақпараттық дәуірде өзекті болған теріс пайдаланушылықты алдын ала болжап берді. Сонымен қатар жадымен, тарихпен манипуляциялау құралдары мен өткенді біржақты түсіндіру тек тоталитарлық қоғамда ғана емес, либералдық қоғамда да қолданылуы мүмкін екені анық.

Романдағы жады концепті бірегейлік концептісімен тығыз байланысты және Партияның адамның ақыл-ойын бағындыру мақсатын түсіну үшін маңызды болып табылады.

Жады концептіне жасалған талдау Дж. Оруэлдің өткеннің естелігін өшіру арқылы тұлғаны басып-жаншу тәжірибелерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар білімнің әртүрлі салаларындағы: социология, лингвистика, психология және саясаттану салаларындағы зерттеулердің бағытын анықтап берді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

ЖИ құралдарының қолданылуы

Мақаланы қазақ тіліне аудару процесінде аударма нұсқаларын салыстыру және стилистикалық тұрғыдан жетілдіру мақсатында жасанды интеллект құралы пайдаланылды. Барлық ғылыми мазмұн, талдау және қорытындылар авторларға тиесілі.

Авторлардың қосқан үлесі

А.Т. Мустояпова мақаланың тақырыбы мен әдіснамасын анықтады, әдебиетке шолу жасады, материалды әдебиеттану тұрғысынан талдады, зерттеу нәтижелерін

жинақтады және мақаланы жазуға қатысты, жұмыстың барлық аспектілеріне жауапты болды. **Ж.Ж. Ибраимова** мақала тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді жинады және әдебиеттану талдауын жүзеге асырды, зерттеу нәтижелерін жинақтады, мақаланы жазуға қатысты және мәтіннің түзету жұмыстары мен редакциясын жүзеге асырды. **А.М. Алдажарова** мақала тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді жинады және әдебиеттану талдауын жүзеге асырды, зерттеу нәтижелерін жинақтады, мақаланы жазуға қатысты.

Әдебиеттер тізімі

Оруэлл, Д. (1989). Литература и тоталитаризм. Москва: Прогресс.

Оруэлл, Д. (2021). 1984. Алматы.

Al-Hilo, M.M.Y. (2023). The Discourse of Historicity in George Orwell's 1984. *European Journal of Language and Culture Studies*, 2(3), 15-21.

Baimussina, Z.B., & Roziyeva, D.S. (2022). Newspeak as a Tool of Totalitarianism in the Works of 1984 by G. Orwell and Day of the Oprichnik by V. Sorokin. *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Philological Sciences*, 4 (67), 283-293. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.021>

Clarke, B. (2001). Orwell and the Evolution of Utopian Writing. *The road from George Orwell: his achievement and legacy* / Alberto Lázaro (ed.). Bern; Berlin; Bruxelles; Frankfurt am Main; New York; Oxford; Wien: Lang.

Gurung, G.M. (2024). George Orwell and Totalitarianism. *Interdisciplinary Journal of Management and Social Sciences*, 5, 1, 38-47.

Jameson, F. (2005). *Archaeologies of the Future. The Desire Called Utopia and Other Science Fictions*. London, New York: Verso.

LaCapra, D. (2016). Trauma, History, Memory, Identity: What remains? *History and Theory*, 55 (October), 375-400.

Nora, P. (1989). *Memory and History*. University of California Press. No. 26. Special Issue: Memory and Counter-Memory (Spring), 7-24.

Rivkin, J., & Ryan, M. (2017). *Literary Theory: An Anthology*. Third Edition. John Wiley&Sons.

Tribhuwan, M.M., & Singh, R. (2024). The Dystopian Vision of Control in Nineteen Eighty-Four by George Orwell. *International Journal for Multidisciplinary Research*, Vol. 6, Is. 3.

Wicaksono, E.R. (2014). Dystopia and Orwell's Pitfall in George Orwell's 1984. *Rainbow: Journal of Literature, Linguistics and Cultural Studies*, 3 (1), 37-44.

А.Т. Мустояпова^{1*}, Ж.Ж. Ибраимова², А.М. Алдажарова³

^{1,2}*Қарағандинский университет имени Е. А. Букетова, Қарағанда, Қазақстан*

³*Қазақский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Астана, Қазақстан*

Концепт памяти в романе Джорджа Оруэлла «1984»

Аннотация. Целью данной статьи является анализ концепта памяти посредством его реализации через категории мышления, истории, прошлого, времени, идентичности и власти. На материале романа «1984» Джорджа Оруэлла показаны способы воздействия на мышление человека посредством манипуляций с памятью членов социума, а именно изменения и конструирования исторических фактов, стирание индивидуальной и коллективной памяти. Эти практики усиливаются идеологическим давлением и насильственным формированием идентичности человека. В статье обосновываются тезисы о взаимосвязи памяти, мышления, истории и идентичности, а также о трансформировавшейся форме порабощения человека в XX– XXI веках, сутью которой является не столько экономическая эксплуатация или физическое

закабаление, сколько власть над мышлением человека. Художественная практика Джорджа Оруэлла, раскрывающая методы конструирования истории и манипуляции с памятью, значительно опередила теоретические исследования в этой области, например, П. Рикёра, П. Нора, а также философов М. Фуко и Дж. Агамбена, посвятивших свои труды исследованию природы власти. Краткий обзор литературы позволяет определить степень исследованности смежных с концептом памяти проблем романа в современном англоязычном литературоведении. Несмотря на немалое количество исследовательских работ, современные критические подходы и теории позволяют увидеть новые грани романа «1984». Анализ концепта памяти в романе основан на современной теории коллективной и индивидуальной памяти, концепции идентичности и когнитивной теории.

Ключевые слова: память, прошлое, история, время, идентичность, власть, манипуляция.

A.T. Mustoyapova^{1*}, Zh.Zh. Ibraimova², A.M. Aldazharova³

^{1, 2}*Buketov Karaganda University, Karagandy, Kazakhstan*

³*S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan*

The Concept of Memory in George Orwell's novel "1984"

Abstract. The purpose of this article is to analyze the concept of memory through its realization through the categories of thinking, history, past, time, identity, and power. Based on the novel "1984" by Orwell, the author shows ways to influence human thinking through the manipulation of the memory of members of society, namely, changing and constructing historical facts, erasing individual and collective memory. The article substantiates the theses on the interrelation of memory, thinking, history, and identity. Orwell's artistic practice, which revealed methods of constructing history and manipulating memory, was significantly ahead of theoretical research in this field, for example, P. Ricoeur, P. Nora, as well as the philosophers M. Foucault, J. Agamben. A brief review of the literature allows us to determine the degree of research on the problems of the novel related to the concept of memory in modern English-language literary criticism. Despite a considerable number of research papers, modern critical approaches and theories allow us to see new facets of the novel "1984". The analysis of the concept of memory in the novel is based on the modern theory of collective and individual memory, the concept of identity, and cognitive theory.

Keywords: memory, past, history, time, identity, power, manipulation.

References

- Orujell, D. (1989). *Literatura i totalitarizm [Literature and Totalitarianism]*. Moskva: Progress. (in Russian)
- Orujell, D. (2021). 1984. Almaty. (in Kazakh)
- Al-Hilo, M.M.Y. (2023). The Discourse of Historicity in George Orwell's 1984. *European Journal of Language and Culture Studies*, 2(3), 15-21.
- Baimussina, Z.B., & Roziyeva, D.S. (2022). Newspeak as a Tool of Totalitarianism in the Works of 1984 by G. Orwell and Day of the Oprichnik by V. Sorokin. *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Philological Sciences*, 4 (67), 283-293. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.021>
- Clarke, B. (2001). *Orwell and the Evolution of Utopian Writing. The road from George Orwell: his achievement and legacy* / Alberto Lázaro (ed.). Bern; Berlin; Bruxelles; Frankfurt am Main; New York; Oxford; Wien: Lang.
- Gurung, G.M. (2024). George Orwell and Totalitarianism. *Interdisciplinary Journal of Management and Social Sciences*, 5, 1, 38-47.
- Jameson, F. (2005). *Archaeologies of the Future. The Desire Called Utopia and Other Science Fictions*. London, New York: Verso.
- LaCapra, D. (2016). Trauma, History, Memory, Identity: What remains? *History and Theory*, 55 (October), 375-400.

Nora, P. (1989). Memory and History. University of California Press. No. 26. Special Issue: Memory and Counter-Memory (Spring), 7-24.

Rivkin, J., & Ryan, M. (2017). Literary Theory: An Anthology. Third Edition. John Wiley&Sons.

Tribhuwan, M.M., & Singh, R. (2024). The Dystopian Vision of Control in Nineteen Eighty-Four by George Orwell. International Journal for Multidisciplinary Research, Vol. 6, Is. 3.

Wicaksono, E.R. (2014). Dystopia and Orwell's Pitfall in George Orwell's 1984. Rainbow: Journal of Literature, Linguistics and Cultural Studies, 3 (1), 37-44.

Авторлар туралы мәлімет:

Мұстоянова Айнаш Төкішқызы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: mustoyanova2017@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5658-9844>

Ибраимова Жеңісгүл Жалғасбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: flowervictory85@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-5997-3198>

Алдажарова Асель Маташевна – аға оқытушы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: asse_laldazharova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0425-0878>

Mustoyanova Ainash Tokushevna – corresponding author, Candidate of Philology, Associate Professor, Buketov Karaganda University, Karagandy, Kazakhstan. E-mail: mustoyanova2017@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5658-9844>

Ibraimova Zhenisgul Zhalgasbaevna – Candidate of Philology, Assistant Professor, Buketov Karaganda University, Karagandy, Kazakhstan. E-mail: flowervictory85@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-5997-3198>

Aldazharova Assel Matashevna – Senior Lecturer, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan. E-mail: asse_laldazharova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0425-0878>

Мұстоянова Айнаш Токушевна – автор для корреспонденции, к. ф. н., ассоциированный профессор, Карагандинский университет имени Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан. E-mail: mustoyanova2017@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5658-9844>

Ибраимова Женісгүл Жалғасбаевна – к. ф. н., ассистент профессора, Карагандинский университет имени Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан. E-mail: zhenisgulibraimova@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-5997-3198>

Алдажарова Асель Маташевна – старший преподаватель, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан. E-mail: asse_laldazharova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0425-0878>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).